

«Қаламгер» жас ақындар клубы - әдеби шығармашылыққа бейім студенттерді біріктіріп, ізденістеріне жол ашуға, бағыт-бағдар беруге қажетті орта қалыптастыруға үлес қосады. Әдеби бағыттағы іс-шараларды ұйымдастырады.

«Қаламгер» әдеби-шығармашылық бірлестігінің мүшелері 2014 жылғы 18 қыркүйекте «Қазақстан халқын біріктіретін - тіл» атты қазақ және орыс тілдері кафедрасы ұйымдастырған Тілдер мерекесіне арналған әдеби-сазды кешке атсалысты. Қазан айында бірлестік мүшелерінің шығармашылық жұмыстарынан жинақ дайындау мақсатында іріктеу жұмыстарын жүргізді. Жинаққа Маржан Әбішова, Ақниет Тәңірбергенқызы, Нұрбала Алдамжарова, Нәсіпжан Тұрғанбаевалардың өлеңдері мен әңгімелері енгізілді.

2014 жылғы 17 қазанда университетімізде өткен С. Сейфуллиннің 120 жылдығына арналған «Жүрекке ыстық, көзге сүйік өз елім» атты республикалық мүшәйраның ұйымдастырылу жұмысына бірлестік мүшелері Бауыржан Тастеміров, Берік Бөлеген, Асқарұлы Думан, Ақниет Тәңірбергенқызы, Нұрбала Алдамжаровалар белсене қатысты.

«Қаламгер» әдеби-шығармашылық бірлестігінің ұйымдастыруымен 2014 жылғы 26 қарашада ақын Рахат Әбдірахмановпен білім ордамызда кездесу кеші болып өтті. Поэзия кешінің тақырыбы ақынның жыр жинағының атымен «...Жанымның жазба нұсқасы» деп аталды.

2014 жылғы 1 желтоқсанда ҚР Тұңғыш Президенті күніне және ҚР Тәуелсіздік күніне орай ұйымдастырған іс-шараға бірлестік мүшелері қатысып, «Отан деп соғар жүрегім» атты өз өлеңдері енген жыр жинағына ие болды.

Клубтың жетекшісі - қазақ тілі кафедрасының оқытушысы, ф.ғ.к А.Е. Әбдірахманова.



